

**«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
саласын дамытудың нәтижелері туралы»
деген тақырыпта 2012 жылғы 28 мамырда өткен
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі А.Қ. Жұмағалиевтің баяндамасын тыңдай келіп, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мыналарды **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

-халықтың және өңірлердің ақпараттық-коммуникациялық қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында телефон байланысы қызметтерін көрсетуді және Интернет желісіне кеңжолақты (жоғары жылдамдықты) қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ 3G, CDMA және 4G технологияларын пайдалана отырып, қолжетімді байланыстың сымсыз желілерін дамыту жөніндегі жұмысты жалғастырсын;

-республиканың ақпараттық-коммуникациялық саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі жұмысты жандандырсын және ұялы байланыс операторларының желіаралық қосылуына және Интернет қызметін көрсетуге арналған тарифтерді азайту бойынша іс-шаралар қабылдасын;

-байланыс (халықаралық, қалааралық, ұялы байланыс және Интернет желісі) операторларының абоненттерді негізсіз ажыратып тастағаны, көрсетілетін қызметтер сапасының белгіленген стандарттарға сәйкессіздігі және дәйексіз әрі нақты емес жарнамалық ақпарат таратқаны үшін жауапкершілігін арттырсын;

-Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы халыққа ұсынылатын әлеуметтік маңызы бар қызметтердің тізбесін ұлғайту жолымен сапалы әрі қолжетімді мемлекеттік қызметтер көрсету үрдісін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты күшейтсін және олардың электрондық нысанға ауысуын қамтамасыз етсін;

-Халыққа қызмет көрсету орталықтарын оңтайландыру және ауыл тұрғындары мен шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарына Халыққа қызмет көрсету орталықтарының ұтымды әрі қолжетімді қызмет көрсетуді қамтамасыз етуі бойынша пәрменді шаралар кешенін қарастыратын болсын;

-экономиканың ақпараттық-коммуникациялық саласында инновациялық технологияларды, отандық өнеркәсіптің, жабдықтары мен материалдарын пайдалануды арттыру бойынша шаралар қабылдасын;

-ресурстарды және почта байланысының мүмкіндіктерін қазіргі заманғы әмбебап логистикалық операторға трансформациялау арқылы пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлесін;

-кадр құрамының біліктілігін арттыру, жаңа білім берудің IT-технологиялары саласындағы мамандықтарды кеңейту, республика өңірлерінде оқу орталықтарын құру және ауыл жастарын оқытуға арналған гранттарды көбейту бойынша жүйелі түрде жұмыс жүргізсін;

-республика халқының компьютерлік сауаттылығын арттыру, сондай-ақ енгізілетін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктері, оның ішінде тұрғындардың күнделікті өмірде кең пайдалануы үшін оларға қол жеткізу туралы түсіндіру жөніндегі жұмысты жандандырсын;

-ұялы қондырғыларда (iPad, iPhone), сондай-ақ кейінгі технологиялар қондырғыларында мемлекеттік тілдің міндетті түрде жұмыс істеуіне бақылауды арттырсын;

-әлеуметтік маңызы бар қызметтер көрсетуді оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері жөніндегі заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізуді жылдамдатсын.